



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

ОМО ІАҚ БАСШЫСЫНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУЫ

Нұржан Л.Н.

«Мемлекеттік аудит» БББ 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: nurzhan.leila@mail.ru

Ғылыми жетекші: Алибекова Б.А.,
э.ғ.к., доцент, Мемлекеттік аудит кафедрасының профессоры
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,
Қазақстан Республикасы

Аннотация. Соңғы жылдары экономикамызда ішкі мемлекеттік аудиторлардың рөлі одан сайын артуда. Бұл қызмет түрі экономиканың маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар, ішкі аудит қызметі мемлекеттік органды басқарудың дамуына айтарлықтай үлес қосады, өйткені бұл қызметтің жұмысы орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің маңызды және ақылға қонымды жолы болып табылады. Сол себепті де, орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау үздіксіз жүргізіліп отыруы қажет. Орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтерінің басшысы өткізетін бағалау ішкі аудит қызметтерінің басшысына қызметтің әлсіз жақтарын көруге және оның жұмысын жақсарту үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: орталық мемлекеттік орган, ішкі аудит қызметі, мониторинг, бағалау, жұмыс тиімділігінің көрсеткіші.

Аннотация. В последние годы роль внутренних государственных аудиторов в нашей экономике возрастает еще больше. Этот вид деятельности является важным элементом экономики. Кроме того, служба внутреннего аудита вносит значительный вклад в развитие управления государственным органом, поскольку работа этой службы является важным и разумным путем совершенствования системы внутреннего контроля центральных государственных органов. Поэтому оценка эффективности работы служб внутреннего аудита центральных государственных органов должна проводиться непрерывно. Оценка, проводимая руководителем служб внутреннего аудита центральных государственных органов, позволяет руководителю служб внутреннего аудита увидеть слабые стороны деятельности и принять меры для улучшения ее работы. Оценка эффективности деятельности внутреннего аудита является необходимой составной частью процесса управления рисками и внутреннего контроля.

Ключевые слова: Центральный государственный орган, служба внутреннего аудита, мониторинг, оценка, показатель эффективности работы.

Abstract. In recent years, the role of internal state auditors in our economy has been increasing even more. This type of activity is an important element of the economy. In addition, the internal audit service makes a significant contribution to the development of the management of a state body, since the work of this service is an important and reasonable way to improve the internal control system of central state bodies. Therefore, the evaluation of the effectiveness of the internal audit services of central government agencies should be carried out continuously. The assessment carried out by the head of internal audit services of central state bodies allows the head of internal audit services to see the weaknesses of the activity and take measures to improve its performance. Evaluation of the effectiveness of internal audit is a necessary part of the risk management and internal control process.

Key words: Central State Body, internal audit service, monitoring, evaluation, performance indicator.

Соңғы жылдары экономикамызда ішкі мемлекеттік аудиторлардың рөлі одан сайын артуда. Бұл қызмет түрі экономиканың маңызды элементі. Сонымен қатар, ішкі аудит қызметі мемлекеттік органды басқарудың дамуына айтарлықтай үлес қосады, өйткені бұл қызметтің жұмысы орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің маңызды және ақылға қонымды жолы болып табылады.

Дж. Робертсон пікірінше, ішкі аудит қызметі – қандай да бір қызметтің тиімділік деңгейін тексеру үшін тәуелсіз бағалау критерийі. Ал, М.М. Сычев және В.В. Ильина ішкі аудит қызметін қандай да бір органның ішінде оның бөлімшелерінің бірімен жүзеге асырылатын және ішкі құжаттармен реттелетін жұмысты бағалау қызметі ретінде түсіндіреді [1].

Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережеге сәйкес, ІАҚ өзге құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз және ОМО, ОМО ведомствосының бірінші басшысына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне есеп беретін, бағынатын және де олардың шешімімен құрылатын бөлімше болып табылады. Сонымен қатар, ІАҚ мемлекеттік органның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингінің бөлігі ретінде болады. Ішкі аудит қызметтері заңды тұлғалар болып табылмайды [2].

«Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау» ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес, Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалау 2 жолмен жүргізіледі, яғни Ішкі аудит қызметі жүргізетін бағалау және Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін бағалау.

Ішкі аудит қызметі жүргізетін бағалау аудиторлық тапсырмалар негізінде ІАҚ жұмысын мониторингілеу және ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жұмысының тиімділігін жылдық бағалау арқылы жыл сайын ІАҚ басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға жүзеге асырады [3].

ІАҚ жұмысын мониторингілеу ІАҚ мемлекеттік аудиторының қызметі сапасын бағалау үшін ІАҚ мемлекеттік аудиторының қызметі сапасын бағалауға арналған сұрақтар тізбесі бойынша сұрақтарға жауап беру жолымен жүргізіледі.

Біздің мысалда Қорғаныс министрлігінің ІАҚ қарастырайық. Осы министрліктің ІАҚ жұмысының мониторингі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторы жұмысының сапасын бағалауға арналған сұрақтар тізбесі

Аудитті жоспарлау	
1. Ішкі мемлекеттік аудит тапсырмасын орындауға тартылған аудиторлық топтың барлық мүшелері «тәуелсіздік қағидатын» сақтай ма?	иә
2. Ішкі мемлекеттік аудит бағдарламасы қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген бе, осы ресурстар аудиторлық тапсырамада барабар бөлінген бе және оларға тиісті мониторинг жүргізіле ме?	иә
3. Мемлекеттік аудиторлар өздері бағалайтын процестермен таныс па?	иә
4. Алдын ала зерделеу барысында ұйым үшін аса маңызды тәуекелдер айқындалды ма және олар аудит міндеттерінде көрсетілген бе?	иә
5. Аудит бойынша жұмыстар көлемі аудит мақсаттарына қол жеткізуге сәйкес келе ме?	иә
6. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудиторларға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бере ме?	иә
Аудит жүргізу	
1. Аудиторлық тексерудің барлық кезеңдері Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес құжатталған ба?	иә
2. Аудиторлық тапсырманы орындау процесінде қолданыстағы ішкі мемлекеттік аудит әдіснамасы қолданылды ма, тиісті аудит әдістемелері пайдаланылды ма?	иә
3. Аудит объектісінің рәсімдері дұрыс бағаланды ма?	иә
4. Алынған аудиторлық дәлелдер аудиторлық есептің қалыптасуын көрсету үшін жеткілікті және сенімді ме?	иә
5. Аудит бекітілген бағдарламаға сәйкес орындала ма?	иә
6. Аудит бағдарламасына оны жүргізу барысында өзгерістер енгізіледі ме және олар белгіленген талаптарға сәйкес бекітілді ме?	иә
Нәтижелер туралы ақпараттандыру	
1. Есеп құжат айналымы жүйесі арқылы аудит объектілеріне жіберіле ме?	иә
2. Аудит объектілері ұсынымдармен келісті ме?	иә
3. Анықталған бұзушылықтар себептеріне жоюға ұсынымдар жіберілді ме?	иә
4. Аудит өз мақсатына жетті ме?	иә
5. Аудит қорытындысы бойынша келіспеушіліктер тиісінше құжатталады ма?	жоқ
6. Мемлекеттік аудиторлардың есебі дәл, объективті, қысқа және уақытылы ма?	иә
7. Қағидалардың талаптарына сәйкес аудиторлық есепке қол қойылды ма?	иә
Ұсынымдардың орындалуы	
1. Ұсынымдардың орындау мерзімдерінің сақталуы бақылана ма?	иә
2. Кейіннен аудит қажеттілігі бағаланған ба?	жоқ
Жалпы сұрақтар	
1. Міндетті оқу бойынша талаптар сақталған ба?	иә
2. Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарында белгіленген мінез-құлық нормалары сақталған ба?	иә
Ескертпе: [4] дереккөзден алынған	

ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жұмысының тиімділігін жылдық бағалауы ІАҚ мемлекеттік аудиторларының Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын сақтауы, Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына сәйкестігі және аудиторлық тексерудің нәтижелері туралы мәліметтерді топ жетекшісіне және ІАҚ басшысына не оны ауыстыратын тұлғаға беру мәселелері бойынша жүзеге асырылады.

ІАҚ жүргізетін бағалауы 3 өлшемшарт бойынша жүзеге асырылады. Оны, яғни 2022 жылғы Ішкі аудит қызметі жүргізетін ҚР ҚМ ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың баллдық жүйесін 2-кестеден көруге болады.

2-кесте

2022 жылғы Ішкі аудит қызметі жүргізетін ҚР ҚМ ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың баллдық жүйесі

№	Өлшемшарттар атауы	Баға				
		5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1	Тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін жыл сайынғы аудиттермен қамту	95,8%				
2	Ұсынымдарды орындау дәрежесі			55,5%		
3	Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділік көрсеткіші		82,9%			
Ескертпе: [4] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған						

Көріп отырғанымыздай, 2022 жылғы ҚР Қорғаныс министрлігінің ІАҚ жұмысының тиімділігі баллдық жүйе бойынша бағаланды.

Бірінші, тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін жыл сайынғы аудиттермен қамту процентін есептедік. Жүргізілген мемлекеттік аудит объектілері бойынша 24 жоспарланған РММ ішінде 23 объекті бойынша орындалды ($23/24 * 100\% = 95,8\%$).

Екінші, ұсынымдарды орындау дәрежесін анықтадық. Ол бойынша 23 объектіге 135 ұсыным жолданды, оның ішінде 75 ұсынымы орындалды ($75/135 * 100\% = 55,5\%$).

Үшінші, ІАҚ жұмысы тиімділігінің көрсеткішін таптық. Ол мынадай формула бойынша есептелді:

$$ЖТК = К * 0,3 + ТС * 0,4 + ҚБ * 0,3,$$

мұнда:

К – аудиторлық тапсырмалар жоспарын орындау көрсеткіші ($23/24 * 100\% = 95,8\%$);

3-кестеде көрсетілгендей, мемлекеттік аудит тобы басшысы қызметінің тиімділігі осылай бағаланады. Жалпы ең жоғары балл 5 балл, мемлекеттік аудит тобы басшысы 4,9 балл, пайыздық көрсеткіште 98% жинады.

ТС – аудиторлық тапсырмалардың сапа көрсеткіші. 3-кестеде көрсетілген аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша барлық аудиторлар/топ басшыларының балл сомаларының жалпы санының көрсетілген баллдардың

барынша ықтимал сомасына пайыздық ара қатынасы ретінде есептеледі (0,98/1*100%=98%);

3-кесте

Мемлекеттік аудит тобы басшысы қызметінің тиімділігін бағалау

Бағалау жүргізу күні: 16.04.2022		Аудиторлық іс-шараның атауы: Сәйкестік аудиті, жоспарлы
Сәйкестендіру: XXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXX		
Мемлекеттік аудит тобы басшысының тегі, аты, әкесінің аты: XXXXXXXXXXXXXXXXXXXX		
Ішкі аудит қызметі басшысының не оны ауыстыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты: XXXXXXXXXX		
Балдар деңгейі: өте жақсы (5), жақсы (4), қанағаттандырарлық (3), жақсарту қажет (2), қолдануға болмайды (1)		
№	Аудитті ұйымдастыру	Балл
1	Аудиторлық тапсырманы жоспарлау	
1.1	Тапсырманы толық және жан-жақты жоспарлауы қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар мен ақпарат көздерін дұрыс айқындау	5
1.2	Тапсырманың мақсатын дұрыс айқындау	5
1.3	Тапсырманың әдістері мен көлемін дұрыс айқындау	5
1.4	Қызметті және бақылаудың негізгі нүктелерін дұрыс талдау	5
1.5	Тән тәуекелдерді дұрыс талдау және бағалау	5
1.6	Жұмыс уақытының бюджетін дұрыс айқындау	5
2	Аудиторлық тапсырманы жүргізу	
2.1	Тапсырманы және тапсырманың мақсаттарын ережеге сәйкес орындау	5
2.2	Тапсырманың белгіленген көлемін, мерзімдері мен кезеңін сақтау	5
2.3	Жұмыстағы сәйкессіздіктерді жою, оның ішінде аудиторлық есепті пысықтау уақтылығы мен сапасы	4
2.4	Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігі	5
2.5	Дайындалған жұмыс құжаттарының толықтығы мен сапасы	5
3	Жұмыс құжаттарын ресімдеу және тапсырманың материалдарын іске асыру	
3.1	Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі тұжырымдарының негізділігі	5
3.2	Күрделі проблемаларды елеусіз проблемалардан ажырата білу	5
3.3	Проблемалық мәселелер бойынша жағдайды иелену	5
3.4	Тапсырма нәтижелері бойынша уақтылы қысқаша тұжырым дайындау	5
3.5	Тапсырманы іске асыру бойынша құжаттарды уақтылы ресімдеу	5
3.6	Аудиторлық есепте, түйіндемеде көрсетілген проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсыныстардың орындылығы	5
3.7	Тапсырма нәтижелері бойынша ұсынымдардың дұрыстығы және орындылығы	5

Қорытынды баға балдарда = өлшемшарттар бойынша балл сомасы (maximum 90)/өлшемшарттар саны (18)	89
Ішкі аудит қызметі басшысының бағасы: 4,9	
Негізгі күшті жақтары:	
Бухгалтерлік есепті жақсы білу, ұқыптылық, жұмыс істеуге зор қабілеттілік	
Негізгі осал жақтары:	
Аудиторлық есепте ойларды, бұзушылық пункттерін нақты баяндау жеткіліксіз	
Жұмысты жақсарту және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар:	
Ойларды, бұзушылықтар пункттерін нақты және қысқа баяндау дағдыларын дамыту	
Қажетті тренингтер/оқу:	
Аудиторлық тапсырма басшысының түсіндірмелері:	
Ішкі аудит қызметінің басшысы не оны ауыстыратын тұлға: 20__жылғы "___" _____	Таныстым: Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі 20__жылғы "___" _____
Қолы	Қолы
Ескертпе: [4] дереккөзден алынған	

ҚБ – ІАҚ мемлекеттік аудиторларының бағалау көрсеткіші. Балдардың орташа мәнінің балдардың көрсетілген барынша ықтимал сомасына ара қатынасы ретінде есептеледі ($50/100*100\%=50\%$).

Онда, $ЖТК = 95,8 * 0,3 + 98 * 0,4 + 50 * 0,3=82,9\%$

Жоғарыда көрсетілген талдауды қорытындылай келе, ҚР ҚМ ІАҚ жұмысының тиімділік бағалауы есеппен $(5+3+4)/3=4$ балл құрады. Өлшемшарттардың жалпы санына өлшемшарттар бойынша ІАҚ бағалау балдарының жалпы сомасы ретінде есептеледі. Өлшемшарттар бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалауы тиімділігі орташаға жатады.

ОМО ІАҚ басшысының ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалауы өте маңызды. Бұл ІАҚ өз жұмысын қаншалықты тиімді орындайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Онымен қоса, бағалау ІАҚ басшысына қызметтің әлсіз жақтарын көруге және оның жұмысын жақсарту үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Өйткені, ІАҚ сол орталық мемлекеттік органда қабылданған бақылау шараларының тиімділігін бағалауы керек.

Осылайша, ІАҚ басшысының ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалауы тәуекелдерді тиімді басқаруды және орталық мемлекеттік органның ішкі процестерін бақылауды қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Товсултанова Л.Г. Служба внутреннего аудита и оценка эффективности ее деятельности [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://auditfin.com/fin/2016/4/fin_2016_41_rus_04_06.pdf – Кіру күні: 02.10.2020 ж.

2. Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>

3. «Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау» ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016878>

4. ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми деректері

«ЭЙР-АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АУДИТІ

Өтелген М.Т

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: utelgennovaa@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С

"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация. Бұл жұмыста “Эйр-Астана” акционерлік қоғамының негізгі құралдарының жағдайы зерттелген. Авторлар негізгі құралдардың қозғалысын талдап, соның нәтижесінде оларды жүйелі түрде басқарудың ұсынысын әзірледі.

Аннотация. В работе изучено состояние основных средств акционерного общества "Эйр-Астана". Авторы проанализировали движение основных средств, в результате чего разработали рекомендации по их оптимальному управлению.

Annotation. The work examines the state of fixed assets of the joint-stock company "Air-Astana". The authors analyzed the movement of fixed assets, as a result of which they developed recommendations for their optimal management.

Түйін сөздер: аудит, қаржылық есептілік, негізгі құралдар, амортизация.

Ключевые слова: аудит, финансовая отчетность, основные средства, амортизация.

Key words: audit, financial statements, fixed assets, amortization .

«Эйр Астана» АҚ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінде берілген анықтамаға сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам болып құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің әсерінен 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Компания қызметінің негізі болып жолаушылар үшін тұрғылықты ішкі және халықаралық авиатасымалдарды ұсыну болып табылады. Өзге іс-шараларға жүк және пошта тасымалдары да